

854.342-3

ТЭ

бб. я

Л 2005  
14319к



# КАСЫМ ТАУКЕНОВ

# **АБАЙ БОЛ. АРДАН!**





---

# КАСЫМ ТАУКЕНОВ

# АБАЙ БОЛ, АРЛАН!

---



(Аңшының аңғарымдары)

Пікір жазған Тұтқабай Иманбеков

Тауkenov Қасым.


Т 24 Абай бол, арлан! — Алматы: Жазушы, 1987. —  
208 бет, портр, суретті.

Автор окушы қауымға «Айлалы арлан» атты кітабы бойынша бурыннан таныс. Қөпшілікке үсынылып отырған мына жинағында ол тағылар дағдысын, берілер айла-тәсліін, аңшылықтың қызығы мен қындығын әдемі баяндайды; жаратылыс үйлесімділігін сактау, хайуаннтар әлемін корғау секілді көкейтесті мәселелерге тоқталады. Байқампаз да аңғарғыш аңшы жүгірген ан мен үшқан күс, үй жануарлары тіршілігіндегі, табиғаттағы ғибрат аларлық құбылыстарды да қалтжібермейді.

Т 4702230200—045  
402(05)—87 60—87

84 Каз—44


© «Жазушы», 1987



# ҚАСҚЫР МЕН АДАМ







## Жүргенге жөргем ілінег

Тайкеткен көлінен шыға басталған дауымыз басылар емес, барған сайын қыза түсүде. Дауымыздың қызып алғандығы сондай, сырттағы дүниені ұмытып, сөз айқасына түскен үшеуміз тек бір-біріміздің бет-бейнемізді бағып, әр сөздің қыбын аңдумен отырсақ керек. Үшеуара қызыл кеңірдек болып келе жатып машина жүргізушіміз Василийдің бәрімізге:

— Эне біреу адамға үқсайды. Айдалада неғып отырған жан болды екен, соға кетеміз бе? — дегеніне бәріміз жалт қарап:

— Ә, о кім? — дедік.

— Жолдың оң жақ қапталындағы тастың үстінде біреу қарайады. Өзінің басы салбырап кетіпті, мүмкін бірдемеге үшырап қалған жан шығар.

Оны біз де көрдік. Бар дүниеден күдер үзген шарасыз жандай өзімен өзі. Машина гүрілін де елең қылар емес.

— Иә, дұрыс айтасың, соға кетейік, көмек керек болса... — деп едім, Василий жолдан шығып, машинаны бейтаныс жанға қарай бұрды.

— Бұ не қылған адам?

— Бізге мойын да бұрмайды ғой өзі.

— Мәңгірген бірдеме емес пе?

— Шаршаған соң, аяқ сұтып отырған шығар, — деген жорамал да айтылып қалды. Машинамыз беймәлім жанның қасына келіп тоқтағанда, ең алдымен анғарғаным — ол кісінің ақ сақалды қария екені. Сақал-мұртын қазақша басқан қошқар мұрынды, кең келбетті ақсақал қалың қабағын көтеріп машинадан түсіп жатқан біздер-

ге енді ғана назар аударды. Берген сәлемімізді де енжарлау алды.

Біз үлкен кісінің ойға батар онаша сәтіне тап болғандай тежеліңкіреп қалдық. Ақсақалдың түк басқан қалың қабагы қарс жабылып, қастары бір-біріне түйісе, аралығындағы үш сзызықты тереңдете түсті. Екі иығы салбырап, қыл шылбырлы жүгенін тізесіне тастай салған. Біздін жүрісімізге ол онша мән бермейтін сияқты.

Дегенмен жұмбак жанның аужайын білмек бол:

— Уа, аксақал, мидай далада бүйтіп неғып отырысыз?— деп едім, ол қеудесін кере ауыр курсінді де қолындағы жүгенін жоғары көтерді. Сонан соң үн-тұңсіз арт жағын нұскап. Біз оның нұскаған жағына қарадық, көзімізге ештеме шалынбады.

— О не, ата, ол жакта не бар?— дедік.

— Барындар, барсандар көресіндер.

Таңсынып жас балаша тұра жүгіруге ынғайсыздандып тұрмыз. Бармасқа осында бір гәп бар-ау деген ой қоятын емес, ынтықтыра жетелеп тұр.

— Ата, жүрініз, машинаға мінініз. Не де болса өзініз көрсетініз,— деп үлкен кісіні қозғалмасына қоймай екеуміз екі жағынан қолтықтап, үшіншіміз «Волганың» алдыңғы есігін ашып, шофердің жаңына отырғыздык.

— Ал, жән сілтеніз. Ол жакта не бар өзі?

Ақсақал жауап қатқан жоқ. Василийге қарап қолын алға сілтеді, машина жылжи жөнелді. Біз үшеуіміз артқы орындықта катар отырған күйі алға үмсина көкжиекке көз тастаймыз. Қараңдаған ештеме көрінбейді. Күздін қуқыл тартқан қыраттары мелшиіп жатыр. Бойындағы бар берерін адам баласы түгел сыпрып әкеткен сардала жазғы сағымынан да айрылған, жұтаң көрінді.

Жұз метр жүргеннен кейін терен алапты сайға тап болдық. Соның жарқабағына келіп тоқтаған жерде ғана көзімізге бір жауаптың үші ілінгендей еді. «Осы болмағай еді» дегендей бір-бірімізге қарастық. Ақсақалды үмитып, машинадан түсे сала жапа-тармағай сай түбіндеңі қарайғанға қарай жүгірістік.

Келсек, бір қаракер бие дөңкініп жатыр. Қарны ақтарылып түсіпті. Бейшара семіз екен, қазысы қанша жырмаланса да қалындығы көрініп тұр. Көзім желініне түсіп кетіл еді, тәбе қүйқам шымыр ете қалды. Аппак ак сүті астынғы санын жуып төмен ағып жатыр екен. «Жануарым-ай, жас құлышың бар екен ғой, қап! Әттеген-ай!»— деп ернімді тістей бердім.

Енді ғана байқалым, аксақал да келіп жеткен екен. Жүгенінің ауыздығы сантама етігіне соғылып шылдыр ете тусти.

— Ух, осылай, балаларым. Құлын кезінен қолымда өскен жануарым сабаның құты болған шағында қапыға ұрынды,— деді қария, әр сөзін накпа-нактай, байыпты, орнықты сөйлейтін ақыл-ой иесі болумен бірге сөз сарасын келістіре де билетіндігін танытқандай.

— Негіп алыстатып алғансыз?— деді жолдасымның біреуі. Мына халге аксақалдың өзін кінәлі еткендей.

— Жердің бетін қырып алып, шыдатып жатырмыз ба, шапқанын шауып аламыз, жайылым деген жерге күніне жұз тіс қадалып, мың түқ таптайты. Ауыл маңында талғажауға талшық қалмады. Жануардың ажалына көрінген ғой, екі-уш шақырым осы сайға келіп оттайтынды шығарып еді. Көбіне сауыны болғанда үйге өзі оралатын, ақылдым-ай, бүгін тым кешігіп қалған соң өзім іздел шыққанмын. Жайылып жүрген жерінен ұстап міненйін де үйге алып қайтайын деген ойым ғой. Енді, міне, жүгенімді ұстап қалдым. Алда, жарықтығым-ай!

Біз тағы үнсіз қалдық. Бүкіл өмірі жылқы малын мәпелеумен өтіп келе жатқан адамға мынау ауыр соккы. Қазақ амандақанда «мал-жан аман ба?» деп малдың амандығын алға сала сұрайды. Малсыз тіршілігі жоқ көшпенде ел бүкіл күн көрісін, күнделік қам-қаракетін малдын сонылап жайылуына бағындырып, көшіп-қонып жүрген емес пе? Алдымызда тұрған аксақал сол өмірдің күәгері, мал шығыны жанына қатты бататын нағыз жылқының иесі — Қамбар ата.

Оған не деп жұбату айтарсың. «Оқасы жоқ, ата, бір биенің өліміне сонша неге қиналдыңыз, ертең тағы біреуін сатып алмайсыз ба» десем, «е, сендер сөй демегендे, не дейтін едіндер, малдың қадірін білмейтін өншең миғұла!» деп ұрыспасына кім кепіл. Өзі айтқыр адам ашу үстінде тап солай деуі сөзсіз. Мен өз ойыммен боп тұрғанда:

— Ақсақал, қиналмаңыз, бас аман болсын, малдың жөні болар,— деп қалды жаңағы жолдасымның бірі.

— Е, сендердің мал өліміне қиналмайтындарынды көріп жүрмін, шығын болған мал басының орнына әкті қағазын тығын қыласыңдар. Мен мал табылмайды деп тұрмын ба, түге! Әрбір тірі хайуан баққан иесі үшін жеке бір жан есебінде бағаланады, көніл көкейіне солай орнығып алады. Мал қадірін шын білген жан оны өлім түгіл сатуға да қимайды. Бірақ мұны сендер сезбейсің-

дер ғой. Ал қолдағы жалғыз мал үйіндегі жаның біріндей болып кетеді. Осы қаракер биенің ақылдылығы адамнан зият еді, жарықтық. Айтқаныңды адамдай ұфатын. Балалары жан-жаққа қарлығаштың балапанындай ұшып кеткен біз сияқты кәрі-құртаңдарға мұндай ақылды бие таптыра бермейді. Жексөң жегінің, ішсөң қымызың. Сауын сайын өзі жайылып, өзі келіп тұратын малды тауып берші, қані?!

Ақсақал бар ашу-кегін менің жолдасымның үстіне ақтара салғандай «үң» деп барып тоқтады. Қөніл кірі айтса кетеді дегендей, үстіндегі ауыр жүгі жеңілейгендей бол қалды.

Мен ішімнен малды кадірлей біletін қарияның әлгі сөздеріне риза болып тұрмын. Әр сөзі көкейге қонымды. Шіркін, бүгіндегі біздің малшыларымыздың міnez-құлқы осы кісідегі болса ғой. Қазір мал шаруашылығындағы еңбек баяғыдан анағұрлым жеңілдетілген. Бірақ осы саладағы жұмыс істейтіндер сол жеңілдікке жеңіл-желпі қарайды. Мына қария сықылды әр малдың амандығы үшін күйіп-пісіп жүрсе ғой, шіркін. Ақсақалдың келісті келбетіне қарап тұрып іштей бір түйін жасадым. Осы кісіні ретін тауып малшылар арасында бір сөйтетуім керек-ау. Ұлағатты сөз тыңдаушысын үйітпай қоймайды. Айттар ойын мәнді етіп жеткізе біледі екен.

Конак жолдасымыз ақсақалды жана түсінгендей үнсіз қалды. Кішкене тұрган соң:

— Ата, машинаға мініңіз, үйіңізге жеткізіп сала-йық,— дедім.

Біз машина толы жан болып совхозға жүріп кеттік. Ауылға келсек, қарияның үйі шеткеректе екен. Қорадан жетім қалған құлышының шұрқыраған даусы естілді. Жас баланың жылағанындаі жіп-жінішке балғын дауыс жүрегінді толқытпай қоймайтын еді. «Қап, байғұс-ай!» дейсің іштей тебіреніп.

Біздің машинамызды таныған болуы керек, сол жерге совхоздың директоры да келіп жетті. Сәлемдесіп болған соң қария:

— Ал, балаларым, бұл не тұрыс, үйге жүріндер, казак ғұрпында үйдің алдына келген соң ішке кіру парыз. Сәлемдесем десеніздер шешелерің бар, жүріндер,— деді.

Қөнілінде қаяу бар қарияны қимадық па, әлде үйге шақырудың жоралғысын келісті етіп айтты ма, бас тарта алмай ішке кірдік. Ақсақалдың өзіне сай дерлік шешей бар екен, бәріміз жапа-тармағай сәлемдестік. Біз орналасқан соң:

— Бәйбіше-ай, балаларға ас әкел! — деді ақсақал.

— Асқа әуре болмаңыздар, — дестік дабырласа.

— Қарақтарым, мен қонағасыны ауызға алған жоқпыш, біздің әдетімізде ас дегеніміз — қымыз.

Пай-пай, қазактың сөзі-ай, біз ет асады еken деп қалыпты. Алдымызға сапырылған сары қымыз келді. Бірақ, болған уақиғадан бейхабар директордан басқамыз қандай бал татыған қымыз болса да ішे алмадык. Өнештегі өтпейтіндей қаракер биенің соңғы қымызы алдымызда сол күйінде қалды.

— Совхоз бие байлайтын ба еді? — дедім мен.

— Жаз бойына байладық. Қазір күз болған соң ағытып жіберіп едік.

— Олай болса, бір биені мына атайға бер. Қысттан өзі асырап алып шығып береді. Алдағы жылы бір жылқы немденгенше солай қараса тұр. Қысқа шөп жинап алып па едіңіз, ата?

— Шөп бар гой, шырағым. Қамқорлықтарына рахмет! Біз де бір тығындарыңа жаарармыз.

— Қаракер бие қайда?

— Ие, бие қайда? — десті бәйбіше мен директор жарыса.

— Қасқыр тартып кетіпті. Жаңа біз соның куәгері болдық.

— Бөлтіргін баулитын кезі гой, пәтшәғардың. Қиіктегі биыл ерте қайтқан. Шиелі сайда бір үя қасқыр жабылып жатқан үстінен шықтым. Жануарым, ажал айдал барғандағы, — деді үлкен кісі сөзінің соңын өзіне қарап қатып қалған бәйбішесіне бұрып. — Өкінгенмен бола ма, ажалының жеткен жері сол да... — деді шешейге тыйым сала, сөз осымен бітті дегендей.

— Жарайды, ақсақал шаруа жайын келістік, біз енді жүрептік. Кейіннен бір қолқа салсам, бас тартпас па екенсіз, ата! — дедім мен қол беріп тұрып.

— Е, қалқам, бойыма шақ өтініш болса неге бас тартайтын. Қайта біз сияқты үлкендер өзіне назар аударылғанды үнатауды.

— Әлгі бір мал мени малшылар жайлар әңгімецизді көпшілікке айтып берсеңіз деп едім.

— Тындар құлак, қабылдар қауым болса, атаң айтып беруден тайынбас. Көп жаса, қалқам! — деді ақсақал қоштасып тұрып.

Біз сол ауылдан шыға бер-ақ баяғы дауымыз қайта ду ете қалды.

— Сіз мойындарын едіңіз, әне, ақсақалдың қаракер

биеңі мойындарар енді,— деді менің досым қонаққа бат-ландаі ауыр бір дәлелді көлденең тартып.— Осыдан кейін де қасқырды жазықсыз хайуан қатарына қоса-сыз ба?

— Бұл кездейсок факті.

— Қалай кездейсок, бұл біз күә болған бір ғана факті. Ал бүкіл елде мұндайдың нешеуі болмай жатыр.

— Сіздер адам мен табиғатты қарсы қоясыздар. Егер табиғатты бағалай білсеңіздер қасқыр да сол ұлы табиғаттың бір бөлігі,— дейді өкпелеген баладай ренжіген қонағымыз. Сөзге мен де араластым.

— Табиғат пен адамды да бөле бермеціз. Біріншіден, адам да табиғаттың бір ажырамас бөлігі. Сол табиғаттың аясында өсіп-өніп, ср жеткен баласы. Екіншіден, адам табиғатқа цивилизациялық санамен творчестволық тұрғыдан қарап, оны жасандыра, гүлдендіре түсү ушін қолынан келгеннің бәрін жасауда. Оған дәлел — адам енбегімен сұрыпталып шыққан алуан түрлі өсімдіктердің жаңа сорттары, жануарлардың жаңа тұқымдары, адамзат баласы жасаған қолдер, құлама сулар, корыктар, теніздер, сан мындаған гектар жерге қолдан егілген ормандар. Бұларға қарап табиғат пен адамның ажырамас бірлігін танимыз.

— Бірақ, адам барлық жерде бірдей табиғатты ана тұтып мәнелей бермейді,— деді қонақ жігіт, бір ұстар жерім осы болар дегендей.— Қиянат жасайтын жайлары да көп. Бәлкім соңғы жылдарда құрып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне арнал Қызыл кітаптың ашылуын осыған мысал ретінде келтіруге болар.

— Дұрыс айтасыз, сондықтан да жұртшылықтың біразында «адам табиғатты құртып барады, бұлай жүре берсе, табиғат үйлесімділігінен айрылып, адам коғамының өзіне қауіп төнеді» деген пікір белен алуша. Рас, осылай дабыл қағып, адамзатты болашақ апattan сақтандырудың да өз зандылығы бар.

Конағамыз әңгіменің бұл тұстарында үнсіз отырды. Сондықтан ойымды әрі қарай жалғай бердім.

— Қасқырдың түрін орыс халкы сұр (серый) деп атайды. Кейде бұл сөзді «қасқыр» сөзінің синонимі ретінде де пайдаланады. Ал қазақтар ақшулан дейді, сұр дегенді де қолданады, бәлкім, ол орышшадан аударылып енген сөз болар.

Тұрқының ұзындығы орта есеппен жүз бес, жүз алтың сантиметр, құйрығы отыз бес-елу сантиметр болып келеді де шоқтының биіктігі сексен, сексен бес сантиметр.

метр, кейде тіпті жұз сантиметр болады. Салмағы көбіне отыз екі, елу килограмм, әдебиеттерде тоқсан килограмнан астамы да кездесетін ескертіледі. Совет Одағының әр жерінен ұсталып өлшенген жүздеген қасқырлар ішінде жетпіс тоғыз килограмм шыққанын да оқыдық.

Бұл жолы қонақ жігіттің өз сезін өзіне айғақ етіп бір тосудың реті келді. Мен қызына сөйлем кеттім.

— Сондықтан да «құрып бітеді» деген әлгіндей бай-балам пікірлерге жол жоқ. Эрине, бізге дейін құрып кеткен жекелеген өсімдіктер мен жануарлардың орынын толтыру мүмкін емес, ол өкінші-ак. Ал бүгінгі таңдағы бар дүниелер құрымайды, оны дамытып, табиғаттың тәп-теңдігін сақтап отыру парызын ұмытпаймыз.

Табиғат пен адамды қарсы қойған әлгіндей сарыуа-йымшылдар бүгінгі адамдардың басқан ізін аңдиды. Та-биғатқа асфальт үстінен көз тастауды ғана қалап, онымен қоян-қолтық араласуга тыйым салынса дейді. Со-лардың қыздырып жүрген басты дауы — аңшылыққа орай. Аңшылық дегенде біз оны браконьерлерге жуыт-пай таза аңшылықты, кәдуілгі заңды түрде қалтасында мүшелік билеті бар, аңшылар уставын мұлт еткізбей орындал жүретін жандарды айтамыз.

Рас, бүгінде аң аулау бұрынғыдан өзгеше. Бұрынғы кезде қасқырды атпен қуып, сойылмен соғатын, ит қоса-тын (иттің атын Бөрібасар, Алыпсөк қоятыны сондық-тан), бүркіт салатын, қақпанмен ұстайтын, өлімтікке у сеуіп аулайтын. Ол кезде аңшының қанжыға несібесі мен қасқырдың құтылып кету мүмкіндігі тепе-тәң еді. Ал қазір назарға не өзі, не ізі іліккен қасқырдың құтылып кетуі көбіне-көп неғайбыл. Олай болатыны, біріншіден, машина жүйрік, екіншіден, мылтық мұлт жібермейді. Бұл жerde кездейсок адамдардың емес, аңшылардың мүмкіндігін сөз етіп отырмыз.

Орталықтан келген өкіл жігіттің көргені бар екен, сөзімді бөлген жоқ. Қәптен бері партия, совет қызметінде жүріп әдел сақтап үйренген адам екені көрініп түр. Бірақ төмен қарап үнсіз отырысы қай жерінен басып қаламын, қай жері осал болар екен деген сынай танытады.

Біздің елмізде қасқырдың сегіз-тоғыз түрі бар. Ал Солтүстік Америкада одан да көбірек. Ірі түрлері сол-түстіктегі болады да денесі кішілері онтүстіктегі өмір суре-ді. Олардың сыртқы түрі де әркілы болып келеді.

Қасқырлар қыс қатты жылдарда он, кейде одан да көп болып топталып жүреді. Оларға каннибалзим тән. Өз іштеріндегі аңшылар жарагаған, үйығар қарсаңын-

дағы өлекшін үшін талас кезінде шаршап·шалдықканың немесе қартайғанын, әлсірегендерін талап жеп қояды.

Тәуліктің сыбағасы — екі-төрт килограмм ет, ал ашықкан болса он килограмға дейін жеп жібереді. Бұл олардың қомағайлылығының белгісі. Біз бұл есепті орташа шамамен алып отырымыз. Өйткені өмірде одан да көп жейтін мешкейлерін көріп жүрміз.

Қасқырдың бір қасқырлық қаснеті — оның ұзак шабыстан талмауы. Шабу шапшандығы сағатына елу-алпыс километр, кейде одан жүйріктері де болады. Жортуыл кезіндегі бір түнде алпыс-сексен километр қашықтықты еркін ала береді.

Бұл айтқандарымыз қасқыр жайындағы қысқаша ғана мәлімет. Ал олардың өмір-тіршілігіне байланысты жайларды білгіз келсе, жазып жүрген күнделігімді берейін. Оқып танысуыныңға болады.

Енді біз жоғарыда басталған қасқыр аулау жайлы әңгімемізге қайтадан ойысайық. Мен өз басым қасқырды жасымнан көріп жүрсем де аңшылыққа шын берілгенге дейін ол туралы сауатсыз адамдай екенмін. Аңға шыға бастаған алғашқы екі жылда қанжығама онша жүк түсे қоймай, өте сирек алып жүрдім. Кейіннен Өндеріс атты керемет аңшымен жолдас болып, соның айтуымен, өзім де көрген-білгеннің ой елегінен өткізе отырып жеке бақылау, зерттеу арқасында, қасқырмен аңдысып, арбасу арқылы олардың айла-тәсілін, мінез-құлқын пайымдал, байқаудың нәтижесінде аңшылықтың қыр-сырын үқтym.

Сондағы менің аңғарғаным, қасқырдың қазіргі айла-шарғысы жоғарыда айтқан бұрынғы тәсілмен аулау кезіндегіден мүлдем өзгерген. Бұрынғы қасқыр бүгінде бір күн өмір сүре алмай, бірінші кездескеннің қанжығасында кетер еді. Заман озып, жаналық көбейген сайын қасқырлар да соған орай икемделіп айла-тәсілін өзгертіп келе жатқандығын байқаймыз. Мысалы, қыс кезінде машинамен куып келе жатқанда мұзы жұқа тұзды қөлдің үстімен барып, ортада шокиып отырады. Енді сен оған барып көр. Атсан оғың жетпейді, жүруге машинаңды мұз көтермейді. Соның бір қасқыр басынан өткеріп сезінді, тәжірибеленді делік, ал басқа қасқырларға ол тәжірибе, сондай құтылып кету амалы қалай тараған? Айналасы жиырма-отыз жылда барша қасқыр сол әдісті дағдысына айналдырып, қанына сіңіруі миға қонбайды. Сонда олардың өзара сақтандыру құралы (тіл емес), информация алмасатын табиғи мүмкіндіктері жоқ па

екен деген пікірге тірелесің. Жүргізген күнделігіміз қас-  
қырдың осы қанына біткен айла-тәсілінің өзгерісін, да-  
муын басына түскен жағдайға орай қасқырдың да айла-  
сын түрлендіріп, өзгертіп отыратынын мысалдармен дә-  
лелдеу. Сондықтан бұл күнделікті оқи қалсаныз мұнда  
әлбеттегі аңшының әңгімесі деп құлқі шакыратын асыра  
сілтеу болмаса керек. Нақтылы деректер, өз көзіммен  
көргендер жазылды, тіпті кейбір аңшы жолдастарымның  
әңгімелерін жазу үстінде де олардың шындық көзін тек-  
серіп барып қағазға түсірдім.

Рас, халықтың арасында «аңшы әңгімесінің жайы  
белгілі ғой» секілді сөз тараған. Олай деудің бір кілти-  
паны бар. Өйткені, аңшылық, мергендік бойға түа біте-  
тін дарынның бірі. Ал, дарын сезімге байланысты, сезім  
бар жерде әсер жоғары болуы хақ. Ол адам аңшылықты  
жанындағы сүйеді, оны ардақтайды, оның аңшылыққа  
берілгендей соншалықты — өзге дүниені ұмытып кетеді,  
бұған мысал ретінде аңшы жігіт Өндірістің күнделікті  
жазылған өмірін байқап көрерсіз.

Жай адам аңшылықтың қыр-сырын, айла-тәсілін, аң-  
мен арбасуын біле бермейді. Сондықтан аңшының әңгі-  
месі оған әсірелеп, өтірік қосып айтып отырғандай көрін-  
үү ықтимал. Жай адамға аң, тек қана аң, онын ойлау қа-  
білеті жоқ, адамды көрсө тұра қашады, қуып жеткен кісі  
соғып алады. Тура осылай ойлайтын адамдар көп. Осы-  
ған керісінше, аңшылар қасқыр, тұлқі тағы басқа андар-  
ды өздерімен аңдықсан адамның орнына қойып, оның іс-  
әрекетін, айла-тәсілін адамдай етіп суреттейді. Ал жай  
карапайым адам, әлгінде айтқандай, аңды тек қана аң  
деп санағандықтан, оған аңшы әсіре сөзді әпенді болып  
көрінуі мүмкін.

Халық қасқырды қажымас қайраттылығы, ақылды  
айлакерлігі, өжет батылдығы, қолға түскендеғі қайыс-  
пас қайсарлығы үшін жоғары бағалап, ол туралы талай  
мақал-мәтел, жұмбак, ертегілер шыгарған, өлендерге кі-  
рістіріп отырған. Мысалы, «Жеті сырттан» дейтін ғажа-  
йып ертегінің біреуі қасқыр сырттаны, немесе «Ақ қас-  
қыр» ертегісін кім тамсанбай тыңдамады екен. Мұндай  
мысалдар көп-ақ. Тіпті ертедегі Рим жұрты қасқыр еміп  
өсken Ромул сынды баланы дәріптей құліп, ұлы Рим қа-  
ласының негізін салған солар еді дейді.

Ал қазақта асқақтата шырқайтын мына бір тамаша  
әннің жолдарын қарап көрініз:

Жапалак жалпылдайды жар басында,  
Не керек жоқтың күні бар қасында.

Дос болып, кас болғаннан сактасын тек,  
Қасқыр да кас қылмайды жолдасына.

Соңғы екі жолда қашшама философиялық ой жатыр, өмір мағынасы жатыр.

Мұндай өлең жолдарында жүретін қасқырлар толып жатыр.

Ал жұмбақ жолдарын қаралық:

Белестен шапқан бесті ат,  
Бүкір келген желісті ат,  
Бейғам елді іздейді,  
Малдан күдер үзбейді.

Қасқырдың бейнесін түспалдаса да дәл беріп тұрған жок па. Ол туралы мақал-мәтел тіпті көп-ак.

«Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жұнін қампайтар», «Бөрі кәрісін талайды», «Өлі бөріні ит аттамас», «Ауыл иті ала болса да, бөрі келгенде бірігеді», «Иттің ұлығанын бөрі есітпес», «Жаман иттің атын «бөрібасар» қояды», «Қасқырдың ұлығаны жеймін дегені», «Қасқырдың өзі қатты, жолы жұмсақ қоянның жолы қатты, өзі жұмсақ».

Немесе анкау, ашықауыздарға, сақтықты ұмытқандарға ескерту ретінде айтылатын мақал-мәтелдер:

«Жау жок деме жар астында, бөрі жок деме бөрік астында», «Қасқырлы жердің елі айтақшыл», «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Құрығын сүйреткен ұрыдан сақтан, құйрығын сүйреткен бөріден сақтан».

Болмаса, халық аузында қалыптасып кеткен қашшама фразеологиялық сөз тіркестері бар:

«Атакты қекжалдың тұқымы фой», «Қақпанға түскен қасқырдай», «Қойға шапқан қасқырдай», «Қойға тиген бөрідей», «Итқұсқа жем болып» және тағы басқа.

Ертеректе қазақтар қасқырдың атын атамайтын, мүмкін ол қасқырдың атын атаса малға шабар деген ұғымнан туған болар. Әйтеуір «қарақұлақ» десен «қасқырдың шамы» дегендей оны тікелей атамай «бөрі, қекжал, итқұс, ұлыма, дала тағысы» деген сияқты түспалмен айтатын.

Тіпті қасқырды адам есіміне айналдырып та дәріптейді. Қасқыrbай, Бөрібай, Бөлтірік, Қасқырбек сияқты адам аттары қашшама.

Сөйтіп, халық қасқырмен аңдыса, алыса жүріп, оның осал жау еместігін бағалай да білген. Әлгінде айтқан аңшылардың қасқырды адамға ұқсатып әңгімелуеүінің бір ұшы осындағы халықтың өзі жасаған үлгіде жатыр.

Шындал келгенде қасқыр өте ақылды, айлалы аң, кейде тіпті әккі аңшының өзін алдаған кете береді. Сіз құнделік дәптерді қолыңызға алып та үлгерген екенсіз. Осының ішінде сол айла, тәсілдің біразы бар.

— Рақмет! Кеткенше оқып шығайын. Қасқырлар жағында көп пікір айттыныз,— деді қонағымыз. Зейін сала тыңдағаны, әңгімеге рақмет айтқаны болмаса әзірге біздің жағымызға түгел шыққанын ашық мойындаған жоқ. Соған қарағанда «рақметі»— сыйпайылығы болар. Сондықтан әзірге сөзді осымен тоқтаттық.

Келесі бір шаурашылықты аралап көрген соң кешке қарай мен өз жобамды ортаға салдым.

— Жігіттер, маған еретіндерің, қазір жүріп кетеміз. Ал, ермейтіндерің, осы совхозда қаласындар, таңертен алып кетеміз.

Жолдастарым елеңдесіп қалды.

— О не, қайда барасыз?

— Қаракер бие менің ойымнан кетпей жүр. Бөрілер түнде ол өлімтікке қайтып оралуы ықтимал. Себебі «ай дейтін ажа, қой дейтін қожа» болмағандықтан елді базынып жүр. Сондықтан Шиелісайға ертерек жетіп, білдірмей жасырынып алып, қасқырларды аңдуымыз қажет. Оларды тыымсыз, бетімен жіберуге болмайды.

— Айтқаныңыз сот үкіміндей екен, мен де барамын. Бірақ менің ол жердегі ролім күәгерлік қана болмак,— деді қонағымыз.

Сонымен біз қундіз өзіміз көрген сайдың бойына келдік. Қырда тұрып біраз таразылап көрсем, біз жатуға ен қолайлы орын өлімтіктің ық жағындағы су ойып кеткен терең жыра екен. Соған барып біраз «құрылыш» жұмысын жүргіздік.

— Мұнсыз болмайды, ық жақтағы біздің ісімізді сезе қоймас,— дедім мен соғыс кезіндегі командирдің бақылау орнындағы үйшікке орналасып жатып. Қонағымыз мылтық ұстаудан бас тартты. Досымыз екеумізде екі мылтық.

Далаға қайта шықтым да Василийді жақын ауылға жібердім.

— Таңертен ертемен келерсің. Қартқа да, директорға да барма. Өзің түсетін өзге үй тап,— дедім.

Орналасқан мекен-жайымызды сыртынан тағы бір шолып өттім. Сәл ағаттық кетсе, еңбегіміз, текке кетеді. Жоқ, дұрыс сияқты. Үсті әдейі жусанды шөппен мұқият жабылған. Бие жатқан жақтағы санылау да анғарылмайды. Жатқан жеріміз де байқалмайтындаі.

Ішке қайта келіп жайғастым. Сайдың іші ерте қарақөленке тартып, кеш түсे бастады. Қонағымыз қыпнында санылаудан сыртқа қарай береді.

— Сіз әзірге саспаңыз. Қасқырыныз тап сіз ойлағандай анқау, албырт емес, онайлықпен беріспейді де. Тұнортасына қарай күтуінізге болады.

— Онда неге осынша ерте орналастық.

— Осылай ету керек. Олар онша алыста емес, осы маңайды торып жүр. Бірақ олардың канша сілекейі шұбырса да жас етке бірден ауыз салмайды. Сол ұстамдылықтын өзі олардың өзге жыртқыштан ақылдылығын танытады. Соңыра, інір қараңғысы кезінде аздап жақындейді, осы төңіректі зерттейді, сөйтіл әкірын-әкірын жылжи береді.

— Бәрін біліп, қасқырлардың стратегиялық жоспарын қолыңызға түсіріп алғандай сөйлейсіз.

— «Андықсан жау атыспаққа жақсы» деген мақал бар ма, біздікі сол, андысумен келеміз рой.

Қою қараңғылық түскен заматта биенің өлімтігі көзден ғайып болды, тек бағанағы көз үйренген жобамен ғана қай жерде жатқанын түспалдаймыз. Сайдың екі жағасынан жұлдызды аспан көрінеді. Айдың өларасына таянған шағы екені есіме түсті. Ал терен сайдың тубі қараңғылықты тіпті қоюлатады екен. Әшейін қараған боламыз, көзге ілінер тұлдыр жок, түпсіз тұнғықтай, көбірек қарасаң бас айналдырар суқараңғылық.

Екі серігім өзара құнқілдесіп, сөйлесе бастады.

— Мына отырыстарынмен түк көрмейсіндер рой,— деп әңгімені қонақ бастады.

— Неге көрмейміз, анау сайдың жақтауынан бөрі көрініп тұрған жоқ па, қылт етсе болды.

— Егер олар айласын асырып, алыстан сайдың тубімен келсеші. Тіпті біз жатқан жақтан келіп, үшеуіміз алға қарап отырғанда, бізді сезеді де тайып отырады.

— Тсс! Үндеменіздер. Сіз қасқырларыңызға белгі беріп, қашып кетуіне мүмкіндік туғызып отырысyz ба деймін.

— Мен қазір қолға түскен қорғаушымын. Өзім тұтындыамын.

— Олар келетін кез таянды. Енді үндеуге болмайды. Мен ат демей атып жіберіп жүрме. Қелістік қой.

Тағы да сілтідей тұнған тыныштық орнады. Сайды жаңғырықтырған шырылдауық шегірткенің үні де тына қалғандай. Элдекайдан «бытпыштықтаған» бөдененің үні естіледі. Жасымызда жаттап алған «бөдененің үйі жоқ,

қайда барса бытпыштык» деген өлең жолдары ойыма оралады. Балалар үшін, халық сондай табиғат тану сабағында өлеңдерді, ертегілерді шығара білген гой...

Жар басынан қосаяқты аңғарып қалды ма екен төбемізден ішін тарта жалпылдан байғыз өтті. Қонағымыздың тосын да үрейлі дауыстан селк етіп шошынғанын өзіме тиіп кеткен шынтағынан сездім. Әлгі келісім есіне түскен болар, «бұл не?» деп сұрамады.

Жардың қабыргасындағы індерде мекендейтін жарғанаттар дамылсыз қалбалақ қағады, зу етіп көз алдымыздан өтеді. Сірә, анау өлімтіктің иісіне жан-жақтан жиналышп җатқан қанатты қоныздар бұларға нәдака болса керек. Осынау алаптың түбіндегі дымқылды сүйетін көбелектер де олардың дәмді тағамдары.

Сайды куалай жел үйтқиды. Терістіктен есіп тұрса да жарқабакқа соғып, бізге қарай бұрылғанда күшейе түсетін қалпы бар. Кейде бәсендеп тынуға айналады. Сол шақта әрқылы құпия дыбыстар молыға түсетіндей. Тіршілік осынау қою қарангырылқытың ішінде де еркін тыныстап, өмір жайлы хабар беріп жатыр.

Бір сәт тұнгі аспанға көз саламын. Қаракөк аспан таңғажайып сарайының есігін ашқандай, көз тағат табар көріңіс сонда. Жарық жұлдыздар өз әсемдігіне елтігендей жымың-жымын етеді. Қазір жерге түсемін, сақ бол, айрылып қалма дейтін тәрізді. Сол кезде бағып отырған нәгізгі мақсатым есіме түсіп, тағы да қарангырылқытың тінтемін, сайдың екі алабын шолғыштаймын.

Қою түннің арғы жағынан талып жеткен төбеттің үні — осынша дыбыстың бәрінен жанға жақыны. Таныс үн бойыңа жылылық құяды. Бізді сонау ауылда, шырт үйқыда жатқан адамдар өмірімен жалғаушы осы адамзаттың ақылды досы кіттер үні.

Кенет он жақ алаптан бірдеме қараң еткендей болды. Жолдастарымды тұртіп қалып белгі бердім. Оным: «Ал, келді, сақ болындар!» дегенім еді. Бірақ әлгі елес жоқ болып кетті. Сол орынға талмай қараймын деп көзім бұлдырап, жанарымның алдынан мың сан қара нүктелер төмен ағылады. «Әй, қусың-ау, деймін ішімнен. Жетіп келсен де жата қалып, айналанды шолғыштап жатырын-ау».

Қайтадан қаран етті. Сонымен бірге шок жұлдызы жерге түскендей, сол маңай жылт-жылт етеді. Тастав қарангыда осынау әрі сақ, әрі ақылды айлакер жыртқыштың өзін-өзі үстап берер бір осалдығы,— тап осы көзінің аймен, жұлдызбен шағылысып, шырақша жануы.

Бұл тек кәсілкөй аңшылар үшін ғана шартты белгі тәрізді. Ал өзге қаруызы жай адамдарға сөз жоқ үрэй тудырар сұсты белгі.

Қонағымыз соның бірі болғанға ұқсайды. Қаншама қасқырдың арашашысы, корғаушысы десек те маған қарай ығыса тығылып бара жатқанын біліп, сезіп тұрмын. Ол жабысқан сайын мені бір күлкі қыса түседі. Тілімді тістеп зорға ұстанудамын. «Қап,— деп өкініп те қоямын.— Сайтан алғыр күлкі қайдан тап болды. Қазір жеме-жемге келгенде мұлт жіберемін-ау».

Досымның дайындала бастағанын мылтығының шаппасын қайырғанынан сездім. Сол медеу болып, бойымнан күлкі пәлекет те арыла бастады.

Я сәт! Жарық жүлдyz төмен қарай құлдилай жөнелді. Мен содан айырылып қалмауға тырысып, мылтығымды онтайланған бердім. Сәті болар-ақ, ол арғы жағынан келе биеге тиісті. Тура мандайы бізге қарап тұр. Ол бірекі жұлмалаған кезде қырдағы өзге жүлдyzшалар да төмен құлдилай бастады. Желдің қарсы алдымыздан бір шалқып өткенін пайдаланып досыма:

— Сен келе жатқандарын көзде!— деп қалдым. Енді кешігүе болмайды. Алғашқы келген қос жүлдyzшалар орта тұсын жобалап алдым да:— Ал ат!— дедім, өзім де мылтығымның шүрппесін басып қалдым. Досым да атып үлгерді.

Әлгі қозғалып жүрген жүлдyzшалар лезде көз алдымыздан ғайып болды. Қатарласа атылған мылтық үндері сайдың ішін жаңғырықтыра, әр бұралан-бұлтарысы тұсында тарсыл-гүрсіл қайталанып, сонау алыска ұзап барап басылды.

Бірінші тіл қатқан қонағымыз еді. Ол менің сол жак бүйірімнен мылтық үнімен бірге әрмен қарай шоршып кеткенін аңғарғанмын. Біз әліптің артын бағып, жаңғырық тынғанға дейін алдымыздары майдан орынынан көз жазбай тұрсақ ол «у!» деп алып:

— Байғұстар кашып күтылды-ау, әйтеуір!— демесі бар ма.

— Ау, сіз бағанадан қасқырдың тілекшісі болып тұр ма едіңіз. Күні бойы сізге оқыған «лекциямым» далаға кеткен екен ғой,— даймін мен қалжындал.

— Дегенмен тірі хайуанның тірлігі жаксы ғой, сіздердің осынша қаранғы түнде анды құлататындарына күмәнданнып едім. Сол болжамның дұрыс келгеніне куанып тұрмын.

— Әзірge куануызыз ерте.

— Несі бар, бие маңында қыңсылаған, жарасын ауырсынған дыбыс естілмейді. Олай болса бәрі аман құтылды.

— Эрине, мен де оғымыз тиген-тимегенін білмеймін. Бірақ сіздің болжамыңыз қасқырдың қасқырлығын біл-мегендіктен айтылған сөз екені анық. Ол жауыз терісін тірілей сойсан да қыцқ етіп дыбыс шығармайды.

— Апыр-ай, ә?

— Жарайды, жүріндер бүгінгі аңшылығымыздың нәтижесін көрелік. Қане, қол фонарьларынды жағындар. Өте сақтықпен жылжығандарың жөн. Мылтықты қайта оқтап алайық.

— Неге?— деді өкіл жігіт, даусында корқыныштың табы бар.

— Кім біледі, жаралы жыртқыш өлермен келеді, байкаусыз үстіне барып қалсан, арс етіп ала түсуден тайынбайды.

— Онда сіздер бара беріңіздер. Менің мылтығым жок, осы жерде қалайын,— деді ол орнынан тапжылмай тұрып алып.

— Мейлініз.

Біз екі қол фонарымызды жарқылдата тұра жөнелдік. Қаранғылықты тілгілеген кос сәуле сызығы едәуір алысты қамтиды. Мен тұра қаракер биенің өлімтігі жатқан жерге таяп келемін. Досым онға қарай, бағанағы өзге жұлдызша — көздердің қырдан шұбырып келе жатқан жағына қарай бейімделе берді.

Келсем, қаракер биенің қатарында сұлап бір дәу қасқыр жатыр. Мандаійнан тиген екен, биеден басын көтере беріп құлауга ғана шамасы келсе керек.

— Көкжал орнында қалыпты,— дедім досыма дауыстап.

— Құттықтаймын!— деді ол шөп арасын кезген күйі. Ол әрлі-берлі сенделіп көп жүрді. Мен қосағымызды алып келіп көкжалды көрсеттім.

— Бұл бір ұя қасқырдың арланы,— дегенімде ол таңдана:

— Оны қайдан білдіңіз?— деді.

— Бәрін қазір айтып қойсам, қалтаңыздағы күнделікті оқымай қоясыз. Мен мұны қыр басында алғаш көргенде-ак танығанмын.

— Қалай?

— Оның жауабы да күнделікте.

Біз досымыз екеуміз, сол маңды біраз шарлап шаршадық, ештеме жок. Жақсы ататын еді, неғып мұлт

кеткенін. Сонымен ендігі іздеуді таңертеңге қалдырып, қыр басында шығып, бір шөптесінге жайғастық.

— Оқ тиғен қасқыр сонша денесімен көрінбей ме, дәңқиіп жатады ғой, неге соншама әуре болдыңдар. Әне, таң да құланиектеніп келеді,— деді қонағымыз.

— Е-е, қасқырмен сырмінез болмаған соң айтасыз ғой. Жарайды, оны жерге сәуле түскен соң анықтайық,— деп досым шөпке қисая кетті.

Сонымен, түнгі үйқының табы біліне бастап, маужырдайтын шаққа да жеттік. Әркім өз ойымен болып кеткен бір шақ еді, қонақ сөз бастады.

— Қешірініз, бағана біз екеуіміз қасқырлардың келетін тұсы жайлы пікір таластырғанда сіз үндемедіңіз. Оның қыр басымен келетінін білдіңіз бе? Болмаса жай жобалап па едіңіз?

Біріншіден, ондай кездे аңшылар сөйлеспейді, түнгі дыбыс алысқа естіледі. Екіншіден, қыр басымен келетініне күмәнсіз сенгенмін.

— Қалай.

— Бұл сұраудың жауабы да күнделікте бар.

Таң бізді көп күттірмеді. Тез сарғайып, одан алқызыл алауға бөлене бастады. Осы шақты құткендей, ауыл жақтан машинаның ғүрлі де естілді. Біз орнымыздан тұрып, бой жаздық, таңғы ауамен кеуде кере дем алып, тіршілік тегіс тараپ бара жатқан киян далага көз тастаймыз.

Дала жыршысы бозторғайлар күнді қарсы алуға биікке көтерілді, қанаттарын дірілдете, бір орында тұрақталып құйқылжыта дала жырын шырқатады.

Шығыс жақтағы шашыраған жарық сәуленін орта тұсынан күрен қызыл тіршілік иесі де көрінді. Түнгі қатты үйқыдан көзі қызарғандай. Көріне сала көтеріле бастады.

Машинаның уні алыстан естілгенімен өзі біраз бөгеліп барып, тап осы күн шыға берісте келіп жетті.

Қайтадан сайға түстік. Түнде аздал шық түскен екен, қаракер бие жатқан жерді алыстан орағыта айналып келе жатсам, сай табанын куалай, шөпті жапыра сүйретілген бір ізге тап болдым.

— Жігіттер, мында келіндер.

Бәрі жүргісіп келді. Ізді көргенде досым құлімдеп «бәсе!» деп, көтеріліп қалды. Сол ізben жүріп отырып бес жүз метрдей жерде бөксесінің қанын жалап жатқан қасқырдың үстінен шықтық. Біз жақындағы бергенде қасқыр қозғала бере жараны қауып-қауып алды.

— Ойпымай, мынау не деген жойыт еді! — деді қонағымыз өзінің қорғап жүрген хайуанына тіксініп қарап.

— Ә-ә, мұндайдың көкесіндей жайды күнделіктен көресіз,— деді досым,— өзінің аңшылық мақтанышы бойын кернегендей аскак қарап.

Біз сол бойда жүріп кеттік. Арланды жолда ақсақалға байлап кеттім. Ал досымның олжасы, биылғы бөлтірік қасқырды қонағымызға байлап едік, азарда-безер болып алмады. Жолда совхоз директорына соғып:

— Малдарына сақ болындар, қаншық қасқыр қатулы,— дедім.

— Бұл жұмбақтың шешуі де күнделікте ме,— деп қонақ жігіт күлді.

— Василий, біздің үйге неге келмедің, мына жоспарларынызды неге алдын ала айтпадыныздар,— дейді ыңғайсызданған директор.

— Айтуға болмайтын еді. Сіздер дайындық деп біздің аңшылық жолымызға кедергі жасайтын едіңіздер. Ал мұндай сәтті сапар үшін жинақылық, аз адам қажет. Қонағымызға енді айтайын, сізді күндізгі айтысымыздың тым болмаса бір үшін көрсін деп әдейі ерткенбіз. Болмаса біраз кедергі сіздің тарапыныздан да байқалды.— Ол бірдеме деуге ыңғайланғанда қорадан танертеңгі ауаны жара жетім құлын кісінеді.

## ЖАСЫМДА КӨРГЕНДЕРІМ

### *Жарық айды жамылып*

«Қасқыр» десе, құлағым елең ете қалады. Ежелгі танысым ет жүрегі елжіреп, іздең келіп түрғандай жалт қараймын. Дауыстап айтпасам да «қане!» деген құмарлық ішімнен тасқындал шығып көзімде жалт ете қалатын сияқты. Бүгін байқап отырсам, бұл қасқырмен балалық шағымнан арбасып келеді екенмін. Бәлкім, сол бала кездегі зығырданым қайнап, есем кетіп жүргендіктен де өсө келе аңшы болған шығармын.

Ол сонау соғыс жылдары, соғыстай кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі қын жылдар еді. Қысқасы, тың көтеріліп, молшылық орнағанда дейінгі кез болатын.

Мен сол жылдарда бесіншіден онынши класты бітіргенге дейін жазда мал бағып, үй ішіне аздал көмек көрсететіндей еңбек етіп жүрдім. Келісім бойынша қойды,

кей жылдары тайыншаларды бір жұма күндіз бағатынбыз да, бір жұма түнде күзеттіңбіз. Колымызға беретіні жалғыз оғы бар, жиырма сегізінші калибрлі мылтық. Қара дәрімен окталған патронның даусы атқан кезде жер-дүниені басына көтеріп, жаңғырығы алысқа кетеді.

Алғашқы қой күзеттерінде қорқып журдім. Кейіннен қасқыр қойға шапқанмен адамға өз бетімен тиіспейтінін білген соң үйреніп алдым.

Жұсаған қойға қарап отырып, қасқырдың қай жакта кетіп бара жатқанын сеземін. Оның сырсы мынада екен. Қой малы түнде тегіс жатып қалмайды. Ортада біреуі күйіс қайырып, күзетте түрекеп тұрады. Ол біраз тұрған соң, жерді тарпып-тарпып жіберіп, жатады. Сонда оның жанындағы екінші бір қой түрекеліп күзетті қабылдап алады.

Олар жай ғана күйіс қайырып тұрмайды, шын мәнінде күзетте болады. Мениң бар назарым сол күзетші қойда. Сонда әлгі қой қасқыр алыста ма, жақында ма, қай жерде кетіп барады, одан көзін алмай, соның ыңғайымен бұрылып карайды да тұрады.

Сондағы байқағаным, қасқыр үнемі қойға айдың астымен келеді екен. Қөзің ай жарығына шағылышып, жер бауырлап келе жатқан тұз тағысын көре алмайсың.

Осындаі қой мен қасқыр арасындағы аңдысудың сырын біліп алған соң мен үнемі ай жақ шетте отырамын. Орнымды аймен бірге жылжытып ауыстыра беремін.

Бір күні үйқтап кеткен екенмін. Қой үріккен кезде шошып оянсан, ай менің сыртынан едәуір жерге үзап кетіпті. Жалма-жан колымдағы берданканың оқтесерін қайырып, ай астына қарай шүріппесін тартып жібердім. Мылтығымның даусы жер жарып, жаңғырығып бір киянға кетіп барады. Қойлар да тыншықты. Түрекеп барып айдың тұсына тағы жайғастым.

Әсіресе, қасекеңнің малды түнде көп айналдыратын кезі үркердің аспанға шыққан шағы, яғни август айынан басталады. Үркер май айында көрінбей кетеді, оны қазақтар жерге түсті дейді. Ал үркер аспанға шығысымен түн қайтадан үзарып әрі күздің салқыны түсе бастайды. Біздің халқымыздың азызында жерге түскен Үркерді енді қайтып аспанға шығармас үшін, қайтадан түн салқын болмас үшін Ойсыл кара (түйе), Зенгі баба (сиыр), Қамбар ата (жылқы) аяғымен басып тұруға таласқан екен. Сонда жылқы баса берем дегенде, сиыр оны мүйізімен қағып жіберіп басып калғанда, Үркер оның тұяғының арасынан аспанға бір-ақ ырғып шығып кетілті-міс.